

**Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының
2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 бұйрығына толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 12 қыркүйектегі N 104-п бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 19 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1644. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2003 жылғы 18 наурыздағы N 18-п бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тарту үшін Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларының тізбесін бекіту туралы" 1997 жылғы 5 сәуірдегі N 3444 Жарлығының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 6 наурыздағы N 349 Жарлығымен бекітілген экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметін жүзеге асыратын инвесторлармен контракттар жасасу кезінде жеңілдіктер мен преференциялар беру тәртібінің 2-тармағына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі төрағасының "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметін жүзеге асыратын инвесторлармен контракттар жасау кезінде жеңілдіктер мен преференциялар беру рәсімін жетілдіру туралы" 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

"Тікелей отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін 2002 жылға дейінгі кезеңге арналған неғұрлым маңызды өндірістердің тізімі" 3-қосымшада:

2 "Өндеуші өнеркәсіп" тарауы мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын: "өте жаңа жоғары тиімді экологиялық таза технологиялар қолданылатын ферромарганецті қорытпалар өндірісі".

2. Осы бұйрық ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға